

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданындағы Тарғын өзенінің және атауы жоқ бұлақтың су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 11 наурыздағы № 70 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 15 наурызда № 5779 болып тіркелді

Р К А О - ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұстау мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануы мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Мыналар:

1) осы қаулыға қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданындағы Тарғын өзенінің және атауы жоқ бұлақтың су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулері;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданындағы Тарғын өзенінің және атауы жоқ бұлақтың су қорғау аймақтары аумағында шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеулері аумағында шектеулі шаруашылық қызметі режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бекітілген жобалық құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Ұлан ауданының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы үәкілдегі мемлекеттік органдарға тапсырысын.

3. Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы әкімдік қаулысы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он құн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесінің Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он құн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроенеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он құн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының

әкімі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Су ресурстары комитетінің

Су ресурстарын пайдалануды реттеу

және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік

инспекциясының басшысы

Д. Ахметов

К. Баймагамбетов

2019 жылғы "11" наурыз

Шығыс

Қазақстан облысы әкімдігінің

2019 жылғы "11" наурыздығы

№ 70 қаулысына қосымша

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданындағы Тарғын өзенінің және атауы жоқ бұлақтың су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеуілері

| Су объектісі, оның участкесі | Су қорғауаймағы | | | Су қорғау белдеуі | | |
|---|------------------|----------------|------------|-------------------|----------------|------------|
| | Ұзындығы , км | Ауданы , га | Ені , м | Ұзындығы , км | Ауданы , га | Ені , м |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| 05-079-020 есеп кварталау мағында (Тарғын ауылынан 9,0 км оңтүстікке қарай) Е.С.Бейсембировқа берілетін жер участкелері тұстамасындағы Тарғын өзені | 2,408 | 156,0 | 500 | 4,106 | 19,5 | 55-100 |
| 05-079-020 есеп кварталау мағында (Тарғын ауылынан 9,0 км оңтүстікке қарай) Е.С.Бейсембиров-қа берілетін | 4,308 | 217,6 | | 4,865 | 33,4 | 55 |

| | | | | | | |
|--|-------|-------|-----------------|------|------|-----------|
| учаскенің солтүстік шығысындағы атауы жоқ бұлақтың сол жағалау жағы | | | 500 - 750 | | | |
| 05-079-020 есеп кварталаумағында (Тарғын ауылынан 9,0 км оңтүстікке қарай) Е.С.Бейсембировқа берілетін учаскенің солтүстік шығысындағы атауы жоқ бұлақтың он жағалау жағы | - | - | - | - | 0,8 | 10- 27 |
| 05-079-020 есеп кварталаумағында (Тарғын ауылынан 9,0 км оңтүстікке қарай) Е.С.Бейсембировқа берілетін учаскенің оңтүстігіндегі атауы жоқ бұлақтың он жағалау жағы | 2,247 | 106,6 | 500 - 600 | 2,15 | 27,4 | 100 |
| 05-079-020 есеп квартал аумағында (Тарғын ауылынан 9,0 км оңтүстікке қарай) Е.С.Бейсембировқа берілетін учаскенің оңтүстігіндегі атауы жоқ бұлақтың сол жағалау жағы | - | - | - | - | 1,3 | 21- 31 |

Ескертпе:

Су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерінің шекаралары мен ені бекітілген
жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК